

Арыс қаласы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 2/11-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 2 мамырда № 6260-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2023 жылғы 1 қарашадағы № 9/60-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 01.11.2023 № 9/60-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 5 (бес) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арыс қалалық мәслихат төрағасы

К. Ахметов